

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:	Провост	
Университет алдындағы дайындық бағдарламасының тыңдаушыларын «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына ауыстыру қағидалары			
Бекітілген күні:	11.02.2021	Күшіне енгізілген күні	16.08.2021
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 09-н/қ		
ІНҚ жіктеуші:	2.1.4 Ауыстыру		
Бастамашы:	Carter Rebecca Lee, Регистратор және студенттердің үлгерімі жөніндегі бас директор		
Өзара байланысты күжаттар			

Қысқартулар бөліміне Провосттың 2022 жылғы 1 маусымдағы №69-н/қ шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қысқартулар

ҚД	Қабылдау департаменті
FEAP	«Академиялық мақсаттарға арналған ағылшын тілі» дайындық курсы
FMAT	«Математика» дайындық курсы
FLDP	«Көшбасшылық негіздері» дайындық курсы»
PO	Регистратор офисі
MM	Медицина мектебі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Университет алдындағы дайындық бағдарламасының тыңдаушыларын «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына ауыстыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Университет алдындағы дайындық бағдарламасының (бұдан әрі - НУУАДБ) тыңдаушыларына «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – Университет) Мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына ауыстыру үрдісі арқылы оқуға түсуге мүмкіндік беретін қағидаларды қамтиды. Осы Қағидалардың ережелері қайшылықтар болған жағдайда бұның алдындағы қағидаларға қарағанда басымдыққа ие.

2. НУУАДБ аяқтағаннан кейін түлектер өз оқуын Университеттегі бакалавриат бағдарламаларының бірінде жалғастыруға құқылы.

НУУАДБ түлектерін ауыстыру және оқуға түсу үшін қарастыру критерийлерін анықтайтын арнайы талаптар Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес бекітілуі тиіс (бұдан әрі - Критерийлер).

Дайындық мектебі (бұдан әрі – ДМ) НУУАДБ тыңдаушыларына Критерийлерді хабарлау және түсіндіру үшін жауапты.

2. Талаптарға сәйкестік

3. НУУАДБ түлектерінің ауыстыруға сәйкес келуі НУУАДБ-да алған қорытынды бағаларына негізделеді.

4. **Ауыстыру.** Критерийлерде сипатталған ауыстыру талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ түлектері әр бағдарламада орын болған жағдайда Университеттің бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға автоматты түрде ауыстырылады. ММ-ға ауыстырылған НУУАДБ түлектері ММ Қабылдау жөніндегі комиссиясының мүшелерімен сұхбаттан өтеді және түпкілікті ұсыным қорытынды бағаларға, сұхбат нәтижелеріне, жетекшілік ететін оқытушылардың есептеріне және негіздеме-хаттарға негізделеді.

5-тармаққа Провосттың 2022 жылғы 1 маусымдағы №69-н/қ шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

5. **Оқуға түсу үшін қарастыруға құқығы бар түлектер.** Ауыстыру талаптарына сәйкес келмейтін, бірақ қалғандары бойынша Критерийлерде сипатталған оқуға түсу үшін қарастыру талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ түлектері оқуға тікелей түсетін талапкерлермен қатар үміткерлердің бірыңғай рейтингісі тізімінде FMAT, FEAP және FLDP оқу пәндері бойынша қорытынды бағалары негізінде бағаланады, ал олардың кандидатурасы Университеттің ішкі құжаттарында бекітілген оқуға қабылдау рәсімдеріне сәйкес қаралады.

6. **Ауыстыруға және одан әрі қарастырылуға құқығы жоқ түлектер.** Критерийлерде сипатталған ең төменгі талаптарға сәйкес келмейтін НУУАДБ түлектерінің ауыстыруға және оқуға тікелей түсетін талапкерлермен қатар оқуға түсу үшін қарастырылуға құқығы жоқ.

3. Рәсімдер

§1. Жалпы рәсімдер

7. НУУАДБ оқу жылы аяқталғаннан кейін ДМ қорытынды бағалар мен жетекшілік ететін оқытушылардың есептерін, сонымен қатар негіздеме-хаттарды дайындайды және оларды академиялық күнтізбеге сәйкес РО-ға ұсынады.

8. ДМ НУУАДБ бойынша оқуды аяқтаған білім алушылардың тізімін дайындайды және РО-ға жібереді. РО Провост немесе оны алмастыратын тұлға қол қоятын оқуды аяқтау туралы шешімді дайындайды. Провост шешімі тіркелген кезден бастап білім алушылардың мәртебесі белсенді емес болып есептеледі.

9. Бағалар мен есептерді алғаннан кейін РО барлық ақпаратты білім алушылардың дерекқорына көшіреді және «Мектепті таңдау» модулін іске қосады. «Мектепті таңдау» модулі РО жүйесінің ауыстыру үрдісін автоматты түрде жүзеге асыратын модульдерінің бірі болып табылады.

10. Одан кейін НУУАДБ түлектері Мектепті таңдау бойынша өздерінің өтінімдерін беру үшін «Мектепті таңдау» модуліне жіберіледі. Түлектер Мектеп бойынша бірінші, екінші және үшінші таңдауын, сондай-ақ оқу бағдарламасын көрсетеді.

11. НУУАДБ түлектеріне өз таңдауын жасау үшін күнтізбелік 3 (үш) күн беріледі.

12. Мектепті таңдауға өтінімдерді бергеннен кейін «Мектепті таңдау» модулі НУУАДБ түлектері үшін жабылады.

13. Кейбір мамандықтарға сұраныстың артуына байланысты, Академиялық кеңес бекіткен жағдайда Мектептер әрбір жеке бағдарламаның рұқсат етілген сыйымдылығы негізінде ауыстырылған және оқуға түскен НУУАДБ түлектерінің санын шектеуге құқылы.

14. Егер НУУАДБ түлегі сәтті ауыстырылып немесе оқуға түсіп, бірақ кейіннен Университеттегі бакалавриат бағдарламасында оқудан бас тартса, ол бұл туралы Университетке шұғыл түрде хабарлауға және ерікті түрде оқудан шығу туралы толтырылған нысанды өткізуге міндетті.

15. Сәтті ауыстырылған және оқуға түскен НУУАДБ түлектері бағдарлау аптасы аяқталғанға дейін келмеген жағдайда оқудан мәжбүрлі түрде шығарылады.

16. Ауыстыру нәтижелеріне апелляция жасау рәсімі қарастырылмаған.

§2. Ауыстыруға құқығы бар НУУАДБ түлектеріне арналған рәсімдер

17. Критерийлерде сипатталған ауыстыру талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ түлектері әр бағдарламада орын болған жағдайда өздері таңдау жасаған бакалавриат бағдарламасы мен Мектепке автоматты түрде ауыстырылуға құқылы.

18. ММ-ға ауыстырылған НУУАДБ түлектері ММ Қабылдау жөніндегі комиссия мүшелерімен сұхбатқа шақырылады және оларды ауыстыру жөніндегі түпкілікті ұсыным сұхбат нәтижелеріне, қорытынды бағаларға, жетекшілік ететін оқытушылардың есептеріне және негіздеме-хаттарға негізделеді. ММ Қабылдау жөніндегі комиссиясы ауыстырудан бас тартқан жағдайда НУУАДБ түлегі бағдарламада орын болған жағдайда «Мектепті таңдау» модулінде өзі көрсеткен келесі бакалавриат бағдарламасы мен Мектепке автоматты түрде ауыстырылады.

19. РО барлық ауыстырылған НУУАДБ түлектерін хабардар етеді және Провост немесе оны алмастыратын тұлға қол қоятын ауыстыру туралы шешімді дайындайды. Провост шешімі тіркелгеннен кейін ауыстыру үрдісі аяқталған болып есептеледі.

§3. Оқуға түсу үшін қарастыруға құқығы бар НУУАДБ түлектеріне арналған рәсімдер

20. Ауыстыру талаптарына сәйкес келмейтін, бірақ қалғаны бойынша Критерийлерде сипатталған оқуға түсу үшін қарастыру талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ түлектері үшін РО Мектептердің Қабылдау жөніндегі комиссияларына олардың қорытынды бағаларын, жетекшілік ететін оқытушылардың есептерін және негіздеме-хаттарын ұсынады.

21-тармаққа Провосттың 2022 жылғы 1 маусымдағы №69-н/қ шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

21. Мектептің Қабылдау жөніндегі комиссиясы үміткерлердің бірыңғай рейтингісі тізімінде оқуға тікелей түсетін талапкерлермен қатар НУУАДБ түлектерінің рейтингісін Мектептің Қабылдау жөніндегі комиссиясы бекіткен әдістемеге сәйкес анықтайды. НУУАДБ түлектерінің рейтингісі олардың FMAT, FEAP және FLDP оқу пәндері бойынша қорытынды бағаларына негізделген.

22. Мектептердің Қабылдау жөніндегі комиссиялары өздерінің үміткерлердің бірыңғай рейтингісі тізімдерін ҚД-ға жібереді.

23. Үміткерлердің бірыңғай рейтингісі тізіміндегі талапкерлер/НУУАДБ түлектерінің оқуға түсуі Университеттің ішкі құжаттарында бекітілген оқуға қабылдау рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

24. Оқуға түсу үшін қарастыру құқығының болуы Университетте бакалавриат бағдарламасына түсуге кепілдік бермейді және РО НУУАДБ түлектерін оқуға қабылдаудан бас тарту туралы электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

25. РО барлық оқуға түскен НУУАДБ түлектерін хабардар етеді және Провост немесе оны алмастыратын тұлға қол қоятын оқуға қабылдау туралы шешімді дайындайды. Провост шешімі тіркелгеннен кейін оқуға түсу үрдісі аяқталған болып есептеледі.

4. Мектептің Қабылдау жөніндегі комиссиясы

26. Мектептің Қабылдау жөніндегі комиссиясының функциялары мен жұмыс тәртібі Университеттің ішкі құжаттарында бекітілген оқуға қабылдау рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қорытынды ережелер

27. НУУАДБ білім алушылары/түлектері ұсынған немесе олардың ауыстыруына байланысты олар үшін ұсынылған барлық құжаттар мен басқа да материалдар құпиялылыққа қатысты Университеттің қағидаларымен және ережелерімен реттеледі.

28. Осы Қағидаларда қарастырылмаған мәселелер Университеттің ішкі саясаты мен қағидаларына сәйкес реттеледі.



**Университет алдындағы дайындық бағдарламасының тыңдаушыларын
«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Мектептерінің
бакалавриат бағдарламаларына ауыстыру қағидаларына өзгерістер мен
толықтырулар**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 01.06.2022

Күшіне енген күні: 01.06.2022

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.1 ІЕ

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 69-н/к

Иесі: Регистратор офисі

Қайта қарау күні: 18.03.2025

Қолданылуы: НУ

Күші жойылған құжаттар:

Атауы:

Күні:

Тіркеу нөмірі:

Бекітуші орган:

Қайта қарау № 1

Қайта қарау түрі: Елеулі қайта қарау

Бекітілген күні: 01.06.2022

Күшіне енген күні: 01.06.2022

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 69-н/к



DIRECTUM-27926-3282330

Провосттың 2021 жылғы 11 ақпандағы № 09-н/қ шешімімен бекітілген Университет алдындағы дайындық бағдарламасының тыңдаушыларын «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына ауыстыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1. Аббревиатуралар тізіміне өз атауымен мынадай аббревиатура енгізілсін:

«FLDP «Көшбасшылық негіздері» дайындық курсы».

2. Қағидалардың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Оқуға түсу үшін қарастыруға құқығы бар түлектер. Ауыстыру талаптарына сәйкес келмейтін, бірақ қалғандары бойынша Критерийлерде сипатталған оқуға түсу үшін қарастыру талаптарына сәйкес келетін НУУАДБ түлектері оқуға тікелей түсетін талапкерлермен қатар үміткерлердің бірыңғай рейтингісі тізімінде FMAT, FEAP және FLDP оқу пәндері бойынша қорытынды бағалары негізінде бағаланады, ал олардың кандидатурасы Университеттің ішкі құжаттарында бекітілген оқуға қабылдау рәсімдеріне сәйкес қаралады.».

3. Қағидалардың 21-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Мектептің Қабылдау жөніндегі комиссиясы үміткерлердің бірыңғай рейтингісі тізімінде оқуға тікелей түсетін талапкерлермен қатар НУУАДБ түлектерінің рейтингісін Мектептің Қабылдау жөніндегі комиссиясы бекіткен әдістемеге сәйкес анықтайды. НУУАДБ түлектерінің рейтингісі олардың FMAT, FEAP және FLDP оқу пәндері бойынша қорытынды бағаларына негізделген.».

Университет алдындағы дайындық бағдарламасының тыңдаушыларын «Назарбаев

Университеті» дербес білім беру ұйымы Мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына



DIRECTUM-27926-3282330

ауыстыру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар